

Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі Комитетінің тексерістерді өткізу тәртібінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитеті 1998 жылғы 21 желтоқсан N 97. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 28 мамырда N 775 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 2 тамыздағы бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 " Лицензиялау туралы" Z952200_ Заң күші бар Жарлығының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 31 шілдедегі этил спирті мен алкоголь өнімдерінің өндірісі, этил спиртін сақтау және сату, сонымен бірге алкоголь өнімдерін (сырадан басқа) көтерме сақтау және сатуды лицензиялау шарттары мен тәртібі туралы N 1195 P971195_ қаулысының 17-21 тармақтарына сәйкес

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі Комитетінің тексерістерді өткізу тәртібі туралы ұсынған Ережесі **б е к і т і л с і н .**

2. Нормативтік реттеу бөлімі (Лепесбаев А.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Бақылау және лицензиялау басқармасы (Алдашев Р.) осы бұйрықты алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі Комитетінің аумақтық органдарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Комитет төрағасының орынбасары **М.Тұрмағамбетовке** жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің
алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын
мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті

Алкоголь өнімін өндіру және
оның айналымын мемлекеттік

**Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын
мемлекеттік бақылау жөніндегі
Комитетінің тексерістерді өткізу тәртібі туралы
Ережесі 1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі Комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 "Лицензиялау туралы" Заң күші бар Жарлығының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 31 шілдедегі "Алкоголь өнімдерін (сырадан басқа) көтерме сату және сақтау, этил спиртін сату және сақтау, этил спиртін және алкоголь өнімдерін өндіруді лицензиялау шарттары мен тәртібін бекіту туралы N 1195 Р971195_ қаулысы, басқа да нормативтік заң актілерінің негізінде этил спирті мен алкоголь өнімдерінің өндірісі, этил спиртін сақтау және сату, алкоголь өнімдерін сақтау және көтерме сату, этил спиртінің және алкоголь өнімдерінің импорты саласында іс-әрекетті жүзеге асыратын лицензиаттардың біліктілік талаптарды, лицензиялық нормаларды және ережелерді орындауын бақылауды осы Ережеде көрсетілген тәртіппен жүзеге асырады.

2. Тексерісті жүргізу кезінде Комитет қызметкерлері Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін, осы Ережені, Комитет бұйрықтарын және Нұсқауларын және Комитет туралы Ережені қатаң басшылыққа алуға міндетті.

2. Тексерістің негізгі міндеттері

3. Комитет тексерісінің негізгі міндеттері мыналарды бақылау болып табылады:

- 1) біліктілік талаптарын және лицензиялық нормалар мен ережелердің сақталуын;
- 2) лицензиаттың лицензияда көрсетілген қызмет түрімен ғана айналысуын;
- 3) этил спирті және алкоголь өнімдерінің өндіру көлемін;
- 4) этил спирті және алкоголь өнімдерінің айналымын бақылау күйіне және оның бастапқы бухгалтерлік есеп мәліметтеріне сәйкестігін;
- 5) технологиялық процестің нормалары мен ережелерінің сақталуын;

6) өнімнің сапасын;

7) этил спирті және алкоголь өнімдерінің өндірісі, сақталуы және айналымындағы орныққан тәртіптің сақталуын;

8) этил спирті және алкоголь өнімдерінің айналымы және өндірісінің көлемін декларациялаудың бекітілген тәртібінің сақталуын;

9) дайын өнімдерді және шикізаттарды есепке алу және бақылау приборларының болуын және жұмыс істеуін;

10) дайын өнімдердің нормативтік шығысының сақталуын;

11) этиль спирті және алкоголь өнімдері импортының көлемін.

4. Комитет тексеріс кезінде және оның қорытындылары бойынша құқылы:

1) Комитетке жүктелген бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін лицензиаттардан қажетті ақпараттардың берілуін талап етуге;

2) Мемлекеттік үкімет органдарынан және басқармалардан лицензиаттардың іс-әрекеті жөнінде ақпараттарды сұратуға және алуға, оны бақылауды жүзеге асыру барысында пайдалануға;

3) Лицензияны қолдануды тоқтату және лицензияны қайтарып алу жөнінде сотқа іс туралы материалдарды беру жөнінде шешім қабылдауға;

4) Жалған, толық емес мәлімет берілгенде және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарының бұзылуы анықталған жағдайда лицензиаттарды заңмен бекітілген жауапкершілікке тарту үшін тиісті мемлекеттік органдарға хабарлауға;

5) Белгіленген лицензиялау тәртібі бойынша лицензиаттың лицензиясы қайтарылып алынған болса немесе лицензиясыз іс-әрекет еткенде одан түскен табыстарды сот арқылы, бюджетке тиісті кірісті өндіріп алуды талап етуге.

3. Тексерісті ұйымдастыру және өткізу

5. Тексерісті өткізудің алдында заңдық және нормативтік актілерді, лицензиаттың іс-әрекеті туралы мәліметтерді зерттеп, мұқият дайындалу керек.

6. Әрбір тексеріс алдында тексеруге жататын мақсаттар мен міндеттердің тізімі, тексеру объектілеріне бөлінген тексеру тобының құрамы мен басшысы белгіленіп, тексеріс бағдарламасы жасалады.

7. Тексеріс бағдарламасын Комитет төрағасы немесе оның орынбасары бекітеді.

8. Бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп лицензиаттың іс-әрекетін тексерген жағдайда, тексеріс біріккен комплексті тексеріс бағдарламасы негізінде жүргізіледі.

9. Әрбір тексерісті өткізу үшін топ басшысына қосымшаға сәйкес формада тексеру объектісі және оны жүргізу мерзімі көрсетілген бір реттік

б ұ й р ы қ - н ұ с қ а м а б е р і л е д і .

10. Бұйрық-нұсқамаға Комитет төрағасы қол қояды. Егер тексерісті жүргізу тобының құрамына РМК "ҚазАлкоОрталығының және аумақтық басқармалардың мамандары кірсе, тексерісті жүргізетін мамандарды көрсетіп, жолсапарға жүретіні жөнінде бұйрық даярлайды.

11. Берілген бұйрық-нұсқамаларды ішкі тіркеу және есепке алуды комитеттің бақылау және лицензиялау басқармасы, аумақтық басқармалар және РМК "ҚазАлкоОрталығы" жүзеге асырады.

Тексеріс аяқталғанда бұйрық-нұсқамаға оны берген органға қайтарылады және тексеріс материалдарымен бірге сақталынады.

12. Лицензиаттарды тексеруді Комитеттің орталық аппаратының, оның аумақтық органдарының, қажет болған жағдайда, Комитетке және оның аумақтық органдарына тексерісті жүргізу үшін жетік білетін мамандар тартылуы м ү м к і н .

13. Тексеріс алдында тексеру тобының мүшелері қызметтік куәлігін көрсетеді , топ жетекшісі тексерілетін объектінің бастығына (жеке кәсіпкерге) немесе оның өкіліне бұйрық-нұсқаманың көшірмесін, қызметтік куәлігін табыс етеді.

14. Тексеріс қатаң түрде, тексеріс бағдарламасына және бұйрық-нұсқамаға с ә й к е с жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

15. Тексеріс тобының жетекшісі (тексеруші) өзінің аты-жөнін, қызметін, бұйрық-нұсқаманың берілген күнін және нөмірін, сондай-ақ тексеру мақсаты мен мерзімін, тексерілуге тиіс объектіге тексеріс жүргізілгенін көрсете отырып, кіріс-шығысты есепке алу іс кітабына белгі жасауға міндетті.

16. Тексеріс жүргізуге кедергі жасау немесе тексеріс тобының жұмысына қажет жағдайларды қамтамасыз етпеу лицензиялау ережесін бұзу болып табылады және нормативтік құқықтық актілерде көрсетілген жауапкершілікке т а р т ы л а д ы .

17. Тексеру жүргізу кезінде тексеруші:

1) Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін сондай-ақ Комитеттің нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алуға м і н д е т т і ;

2) Тексерілетін субъект жөнінде ұшқарылыққа және теріс пікірге жол б е р м е у г е ;

3) Заңға сәйкес коммерциялық не заңмен қорғалатын басқа да құпиясы бар алынған ақпараттың жариялануына жол бермеуге міндетті.

18. Тәртіп бұзушылықтар туралы ақпарат, арыз және өтініш түскен жағдайда, сондай-ақ мемлекеттік органдардың тапсырмасымен, Комитет ынтасы бойынша т е к с е р і с жү р г і з і л е д і .

19. Әр субъектіні тексеру, сондай-ақ үстеме тексеру жиілігі жылына бір реттен, ал құрамында 10 адамнан аспайтын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жиілігі үш жылда бір реттен аспайтын тексеріс жүргізілуі тиіс.

20. Комитет қызметкерлері, оның аумақтық органдары және РМК "ҚазАлкоОрталығының" қызметкерлері этил спирті және алкоголь өнімінің айналымына байланысты (келісім бойынша) ведомствоаралық тексеріске қ а т ы с т ы р ы л у ы м ү м к і н .

21. Тексеруші топ мүшелері тексеру кезінде:

1) Лицензиат өкілінің қатысуымен өндірістік, қызметтік қойма және басқа тұрғын-жайларға, сынақ зертханаларына, стационарлық коммуникацияға, технологиялық және көмекші құрал-жабдықтарға, құю линиясына байқау жасалады. Лицензиат қабыл алмаған жағдайда тұрғын-жайларды байқауға қатысып, ол туралы тексеру актісіне белгі қояды.

2) Айналым мен өндірісті бақылауға және есепке алуға, шикізат сапасының көрсеткішіне, көмекші материал мен дайын өнімдерге тиісті іс-қағаздарын, өнім сапасын және өндірісін химиялық, технологиялық және микробиологиялық бақылау журналына, этил спирті және алкоголь өнімінің айналымы мен өндірісінің бастапқы бухгалтерлік есебін, құрал-жабдық ерекшелігін, нормативті-техникалық іс-қағаздарды және технологиялық нұсқауларды т е к с е р у г е ;

3) Зертханалық зерттеу және қорытынды беру үшін дайын өнімдерден, шикізат пен материалдардан сынама іріктеуге;

4) Тексеріс кезінде туындайтын сұрақтар бойынша тексерілген объектінің басшысының және басқа қызмет адамдарының жазбаша түсініктеме жазуын талап етуге және өзімен бірге алуға;

5) Комитет пломбасы бұзылғанда, прибор механизміне механикалық килігу іздері, дұрыс емес көрсетулер байқалғанда дайын өнімдер мен шикізаттарды есепке алатын приборларды мөрлеп және бақылау өлшемдерін жүргізуге;

6) Тексеріс процесінде тексерілетін ұйым басшыларымен бірге анықталған тәртіп бұзушылықтарды жоюға қажет шараларды қолдануға;

7) Лицензиат іс-әрекетіне қатысты керекті іс-қағазын талап етуге және алуға қ ұ қ ы л ы .

22. Тексеріс кезінде нормативтік құқықтық актілердің бұзылғаны, лицензиялық норма мен тәртіпті басқа лицензиаттың немесе басқа шаруашылық субъектісінің бұзуы байқалған жағдайда іс-әрекетті үстеме тексеру жүргізіледі. Басқа жағдайларда тексеріс материалдарын Комитет өкілдігі бар мемлекеттік ұ й ы м ғ а б е р і л е д і .

23. Тәртіп бұзушылық және теріс пайдаланушылық байқалған жағдайда, анықталған фактілерге қатысты құжаттардың үзіндісі немесе көшірмесі,

сондай-ақ кінәлі жақтың жазбаша түсіндірмесі қоса тігіледі.

24. Тексерісті өткізу мерзімі алдағы жұмыс көлемінің, қойылған міндеттерді және тексеріс тобының құрамын ескере отырып, тағайындалады, бірақ 30 күнтізбелік күннен аспау керек.

25. Тексеріс мерзімін тексеріс тобы басшысының қорытынды өтініші бойынша Комитет төрағасы ұзартады, бірақ 10 күнтізбелік күннен аспау керек.

26. Тексеріс аяқталған күн деп, тексеріс актісіне қол қойылған күн есептеледі.

4. Тексеріс қорытындысын даярлау тәртібі

27. Тексеріс аяқталғанда тексеру тобының басшысы және оның мүшелері, тексерілген субъектінің басшысы (жеке кәсіпкер) қол қойған 2 дана тексеріс Актісі жасалады. Бірінші данасы-тексерілген ұйымның басшысына (жеке кәсіпкерге) табыс етіледі, екінші данасы - тексеру тобының басшысында (т е к с е р у ш і д е) қ а л а д ы .

28. Тексерілген субъектінің өкілі актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда ол жайында тиісті жазу жазылады.

29. Лицензиат тарапынан акті бойынша немесе тексеру қорытындысы бойынша келіспеушілік болғанда оның басшысы (жеке кәсіпкер) бұл жайында қол қоюдан бұрын жазбаша түсініктеме беріп, қоса тігіледі. Актіге тексеріс анықтаған заң бұзушыларға тікелей кінәлі немесе оған қатысы бар басқа да лауазымды адамдардың түсіндірмесі қосымша тіркеледі.

Жазбаша баяндалған келіспеушіліктер тексеріліп, фактілердің дұрыстығы анықталуы қажет және ол бойынша топ басшысы жазбаша қорытынды береді.

30. Актіге тексеріс қорытындыларының мәліметтері мен фактілерін негізге ала отырып, қолда бар құжаттар мен материалдар, сондай-ақ үстеме жүргізілген тексеріс қорытындыларынан туындайтын мәліметтер баяндалады.

31. Тексеріс актісіне көрсетілген кемшіліктер мен заң бұзушылық объективті түрде, фактілерге сілтеме жасалына, сондай-ақ сақталмаған немесе бұзылған тиісті нормативтік заңдық актілерге сүйене отырып баяндалуы қажет.

32. Тексеріс актісіне лицензиаттың алғашқы тексеріс нұсқамасын орындауы туралы мәліметті сондай-ақ тексеріс кезінде қолданылған шаралар көрініс табуы қажет. Тексерілетін субъект басшыларының (жеке кәсіпкердің) іс-әрекетін субъективті бағалайтын, тексерушінің жеке көзқарасын көрсететін, тиісті құжаттармен дәлелденбеген қорытындылар, ұсыныстар, мәліметтер және басқа ж а з у л а р ғ а ж о л б е р м е у к е р е к .

33. Тексеріс актісіне тексеріс тобының барлық мүшелері қол қояды.

Шығарылған қорытындылармен келіспеген жағдайда топ мүшесі актіге

түсіндірме жасап барып қол қоюы және актіге өзінің жеке көзқарасын тіркеуі
қ а ж е т .

34. Тексеріс актісі және тіркелген материалдар Комитет төрағасына беріледі.

35. Тексеріс қорытындысы бойынша Комитет мынадай шешім қабылдайды:

1) заң бұзушылықты жою туралы көрсеткіш;

2) лицензия әрекетінің тоқтатылуы;

3) лицензияны қайтарып алу жөнінде сотқа іс туралы материалдар беруге.

36. Тәртіп бұзушылықтарды жоюға арналған көрсеткіш-анықталған тәртіп бұзушылықтарды жою және кемшіліктер мен оның алдын алуға арналған. Көрсеткіште көрсетілгендерді лицензиаттың орындамауы лицензияның әрекетін тоқтатуға негіз болады.

37. Лицензияның тоқтатылуы анықталған заң бұзушылықтарды жоюға және оның алдын алуға бағытталған әкімшілік-жауапкершілік шарасы болып табылады. Лицензия әрекетінің тоқтатуға тиіс себептерді жоймау - оны қайтарып алуға негіз болып табылады.

38. Лицензияны қайтарып алу этил спиртін және алкоголь өнімі саласындағы заң бұзушылықтарды жоюға бағытталған әкімшілік жаза болып табылады. Лицензия қайтарылып алынған жағдайда да ол қайтадан тек бір жыл өткеннен кейін ғана берілуі мүмкін.

39. Лицензия әрекеті тоқтатылғанда немесе қайтарып алынғанда құю желісі және (немесе) өндірістік тұрғын жай не оның бір бөлігі Комитет мөрімен белгіленіп, жабылады (пломбыланады).

Алкоголь өнімін өндіру және оның айналымын мемлекеттік бақылау жасау Комитетінің тексерісті жүргізу тәртібі туралы Ережесіне қосымша

Тексерісті жүргізуге арналған

Бұйрық-Нұсқама

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 "Лицензиялау туралы" Заң күші бар Жарлығының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 31 шілдедегі этил спирті мен алкоголь өнімдерінің өндірісі, этил спиртін сақтау және сату, сонымен бірге алкоголь өнімдерін (сырадан басқа) сақтау және көтерме сатуды лицензиялау шарттары мен тәртібі туралы N 1195 қаулысының 17-21 тармақтарына сәйкес, Алкоголь өнімін өндіру мен олардың айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі Комитеті:

(А т ы - ж ө н і , қ ы з м е т і)

(тексерілетін ұйымның аты, почта адресі)

_____ тексерісті жүргізуге жолдайды.

Тексеру негізі _____

Тексеру мерзімі 19____ жылдың "____" _____ нан
19____ жылдың "____" _____ на дейін.

Төраға

М.О.